

Бекітемін:  
«Күншуақ» бөбекжай балабақшасы»  
Жеке меншік мекемесінің әдіскері  
А.Ә.Жақсылықова

## «Ел ертеңі бүгінгі жас ұландар!»

*Ересектер «Ер Төстік» тобы*



Тәрбиеші: Байбақова Жайнагүл

### Таушық ауылы

Мақсаты: Балаларға 7-мамыр Отан қорғаушылар күнін сезіндіру.  
Ұлы отан соғысының мазмұнын әңгімелеп осы соғыста ерлік

көрсеткен батырлардың ерліктерін , жыл сайын жеңіс күнінің мерейлі мерекесін бүкіл халық тойлап отыратынын айту. Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

Балалардың ақыл ойын ,қиялын,тілін, сөз байлығын , ән айту айту қаблетін дамыту.

**Жүргізуші:**

Қамықпаған қиындықтың үрейінен,

Өздеріңе сыйлап қырдың гүлінен,

Бүгінгі ұрпақ-бақытты ұрпақ,

Атанып құттықтаймыз Отан қорғаушылар күнімен.

Жеңіс деген жақсылықтың сыңары,

Жігерімен құштарлықтың құралы.

Күрескердің арманы мен ұраны,

Қуаныш пен мерекенің бұлағы.

Құрметті әріптестер мен балалар! Көңілдеріңізге көктем шуағындай

сезім мен нұр құйып, 7-мамыр Отан қорғаушылар мерекесі де келіп

жетті,Біздің балалабақша ұлдарын, әкелеріміз бен ағаларымызды,

інілерімізді, 7-мамыр Отан қорғаушылар мерекесімен

құттықтаймыз.Бүгінгі «7-Отан қорғаушылар күні» не Ересектер

«Ер Төстік» тобының ертеңгілігін тамашалаңыздар.

**Жүргізуші:**

Бақыт сыйлап жатады әр күн,

Санамызға жарық берген,

Әкелері аталардың,

Бұл жеңісті алып келген,

Қуантамыз ән сап жұртты,

Келе берсін бақыт таңы,

Отан қорғау күні құттыболсын,

Батырлардың ұрпақтары- деп бүлдіршіндеріміздің өлең,жыр-шумақтарына кезек береміз.

**Аяна:**

*Жүрекке адалдықтың ескен гүлін,*

*Үажайып келешектің төккен үнін,*

*Ардақты ағаларға, шын жүректен,*

*Жолдаймыз алғыс пенен сәлем бүгін.*

**Аршат:**

*Отан үшін жанымызды береміз,*

*Отан үшін барлығына көнеміз,*

*Отанның да, ананың да алдында,  
Осы өмірде парызды өтеп кетеміз.*

**Медина:**

*Нұр шашады алтын күн,  
Отанымда мереке,  
Қона берсін еліме,  
Бақыт, шаттық береке.*

**Азат:**

*Ертең біздер өскенде,  
Сендердей біз боламыз,  
Қызмет қып ел үшін,  
Толған айдай толамыз,*

**Ақансері:**

*Ұландар ол қырандар,  
Қанат қағып ұшатын,  
Елдің әр баласын,  
Бауырына қысатын.*

**Нұралы:**

*Мейрамдарыңмен құттыболсын жігіттер,  
Болмасыншы көңілдеріңде күдіктер,  
Мейрамдарыңмен іні,аға бауырлар,  
Орындалысын алға қойған үміттер.*

**Жүргізуші:**

*Жауынгер біздің саңлақтар,  
Жауды жеңген салдаттар,  
Ардақты Отан, ел үшін,  
Бақытты туған жер үшін-дей келе тобымыздың ұл-қыздарының  
әндеріне кезек берейік.*

**Хор « Сарбаз болам мен ертең»**

**Жүргізуші:**

*Барша халық жеңіс күнін тойлайды,  
Жас сабилер думандатып ойнайды,  
Ардагерлер көздеріне жас алып,  
Ұрпағының амандығын ойлайды- дей келе ортаға ұл-  
қыздарымыздың « Сарбаздар» биін тамашалаңыздар.*

**Жүргізуші:**

*Сарқылмайтын қуатым,  
Тірегімсің сен Отан,  
Мәңгі соғып тұратын,*

Жүрегімсің сен отан-дей отыра бүлдіршіндеріміздің Отанына,  
Туған жанрына арнаған тақпақтарына кезек берейік.

**Нұрхан:**

Бақытты болып жүргенім,  
Сенің арқаң Ұлы Отан.  
Елім менің –тірегім,  
Құшағыңда гүл атам.

**Мүслім:**

Отаным менің Қазақстан,  
Мәңгілік сенімен мақтанам,  
Саянда жүрсем әрдайым,  
Күлімдеп жүрем,бақ табам.

**Каусар:**

Ұландарым тек алға,  
Қанаттарың талмасын,  
Мерейлерің үстем боп,  
Бар жақсылық орнасын.

**Ханшайым:**

Кең жазық отан мекенім,  
Сенде өсіп көктедім,  
Сені қорғау парызым,  
Мұны біліп өтемін.

**А.Әлинұр**

Менде өскенде үлкен боп,  
Ел тынышын қорғаймын,  
Ұланы боп елімнің  
Суыққа да тоңбаймын.

**Ақбөбек:**

Отан-жерім,Отан-суым,  
Отан қуат нәр береді,  
Отан-ұран,отан туым,  
Отан мәңгі гүлденеді.

**Асылай:**

Туған жер-алтын таң,  
Кең далам, таулы, орман.  
Ұл мен қыз қорғаймыз,  
Бақытты ұлы Отан.

**Хафиз:**

Отаным менің Қазақстан,

Атыңнан сенің айналам,  
Бас иіп саған өтемін,  
Жасай бер жаса Қазақстан.

**Жүргізуші:** Келесі кезекте ортаға ұл балаларды шақырып ,ұл балалармен ойын ойнатқым келіп тұр.

Ойын

**Жүргізуші:**

Ешқашанда енді соғыс болмасын,  
Гүлдері ата-ананың солмасыншы,  
Жеңеріміз қиындықты қайыспастан,  
Тек қана елге амандық орнасыншы,  
Бейбіт болып әрбәр күніміз,  
Берекеге тола берсін жылымыз,  
Биіктерге тұрсын мәңгі желбіреп,  
Көк аспанмен түстес біздің туымыз.Дей келе бүлдіршіндеріміздің «  
**Әрқашан күн сөнбесін»** атты әнімен ертеңгілігімізді аяқтаймыз.



